

# *ДӘРІС №4. ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ СТРАТИФИКАЦИЯСЫ*

*әлеуметтану және әлеуметтік  
жұмыс кафедрасының аға оқытушысы*

*Нұран Д.Н.*




# **Ж О С П А Р Ы**

- **Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен стратификациясы;**
- **Қазіргі қоғамдағы негізгі страттар;**
- **Әлеуметтік мобильділік;**
- **ҚР-ның әлеуметтік стратификациясы.**



Адамның қоғамдағы орны көптеген әлеуметтік белгілермен сипатталады. Оған ұлты, тұрған жері, қоғамдық өндіріске қатысуы, қоғамдық еңбек бөлінісіндегі орны, кәсібі, білімі, табыс мөлшері, саяси билікті іске асыруға қатынасы және т.б. Осындай бір немесе бірнеше әлеуметтік белгілермен бірлескен адамдар жиынтығын **әлеуметтік топ** деп атайды.




Еңбектің қоғамдық бөлінуі негізінде жұмыс істейтін әлеуметтік топтар мен олардың өзара қатынас жүйесінің жиынтығын **қоғамның әлеуметтік құрылымы** дейді.

Қоғамдағы адамдардың тұрмыстық жағдайы бойынша әлеуметтік қабаттарға бөлінуін **әлеуметтік стратификация** деп атаймыз.

# Стратификациялаудың негізгі тарихи типтерінің салыстырмалы сипаттамасы:

Страт-ция жүйелері	Аталуы	Анықтамасы	Қоғамның қысқаша сипаттамасы
<b>Касталық</b>	Каста (лат. Castus-чистый)	Адам туылғаннан анықталатын жабық әлеуметтік топтар.	Жоғары және төменгі касталарға қатаң бөлінген жабық қоғам, онда әркімнің өзінің мамандығы, мінез-кұлық нормалары, құқығы болады. (бұл әсіресе индустарға тән)
<b>Сословие, топ</b>	сословие	Мұрагерлік жолмен берілетін әлсіз әлеуметтік топтар (бірақ ол ақшаға сатылады немесе оны билеушінің сыйлай салуы да мүмкін)	Жоғары мәртебелі және мәртебесі жоқ болып бөлінетін жабық феодалдық қоғам (дворяндар). Онда сословиелік қатынасқа жол беріледі. Мыс, некелесуге.
<b>Кластық, таптық</b>	Кластар (лат. Classis-разряд)	Әлеуметтік топтың, адамдардың экономикалық жағдайына байланысты бөлінуі (капиталист, жалданбалы жұмысшы т.б.)	Жоғары және төменгі кластарға бөлінетін ашық индустриалды (капиталистік) қоғам, бірақ онда еркін түрде өзінің қабілеті мен еңбекқорлығына байланысты жоғарыға көтерілу мүмкіндіктері болады.



**Қазіргі заманғы қоғамды  
стратификациялау  
критерийлері:**



**Табыс**

**Байлық**

**Билік**

**Білім**

**Маман  
-дық**

Социологтар қазіргі қоғамды көптеген төмендегідей **қабаттарға** бөледі:

**Жоғарғы тап** ☺ қоғамның элитасы: президенттер, премьер-министрлер және басқа да саяси лидерлер, ірі бизнесмендер және т.б.

**Ортаңғы тап** ☺ қоғамның бай қабаты: оқымыстылар, жазушылар, дәрігерлер, заңгерлер, орта және шағын кәсіпкерлікпен айналысатындар және т.б.

**Жұмысшы тап** ☺ квалификациялы жұмысшылар: фабрика, завод, құрылыс фирмаларындағы және қызмет көрсету салаларындағылар және т.б.

**Төменгі тап** ☺ квалификациясы жоқ жұмысшылар, жұмыссыздар, үйсіздер, қайыршылар т.б.



## Әлеуметтік мобилділік –

белгілі бір әлеуметтік топтың немесе индивидтердің екіншісіне, басқасына қарай (мәселен, мәртебесі бойынша) орын ауыстыруы

*Көлденең  
мобильділік*

Индивидтің немесе топтың әлеуметтік деңгейі мен статусын өзгерпей қозғалуы. Мысалы, адамның жұмыс орны ауысады, бірақ қызметі бірдей болады немесе адам бір қаладан екінші қалаға көшеді.

*Тік  
мобильділік*

Индивидтің немесе топтың әртүрлі деңгейдегі страттар арасындағы қозғалысы.

***Тік мобильділік***

***Жоғарылаушы мобильділік***


**яғни жоғары жылжу, жоғарылау.  
Мысалы, қарапайым жұмысшының  
жоғары қызметке сайлануы.**

***Төмендеуші мобильділік***

**иерархиялық баспалдақ бойынша төменге  
қарай қозғалуы немес әлеуметтік деградация.  
Мысалы, белгілі бір саясаткердің түрмеге түсуі  
немесе фирманың банкрот болуы топтың  
идеяларының күйреуі және т.б.**



- КСРО заманының әлеуметтік жағдайын зерттеуде елеулі еңбек еткен белгілі әлеуметтанушы-  
Т.И.Заславская. Ол 1991 жылы кеңес қоғамының 70 жылдық даму кезеңін қорытындылай келіп, оның әлеуметтік құрылымын 3 топқа бөлді.



## Жоғарғы тап

- Партияның, әскери, мемлекеттік және шаруашылық бюрократиясын біріктіретін номенклатура құрайды

## Әлеуметтік тап

- Номенклатураға қызмет ететін орта деңгейдегі басшылар, идеология қызметкерлері, партиялық журналистер, арнаулы емханалардың дәрігерлері, жазушылар, артистер, дипломаттар жатады

## Төменгі тап

- Мемлекеттің жалдамалы еңбеккерлерін: жұмысшыларды, зиялыларды жатқызды. Олардың меншігі мен саяси құқығы жоқ



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1. Барбер Б. Структура социальная стратификации и тенденции социальной мобильности. - Американская социология. М., 1972.
- 2. Гидденс Э. Социальная стратификация. // Социологические исследования, 1992. - № 7, 9, 11.
- 3. Левада Ю.А. Социальная структура и социальные группы. // Лекции по социологии. М., 1969.
- 4. Тощенко Ж.Т. «Социология» Москва, 2001, 5-15 бет.
- 5. Фролов В.А. «Социология» Москва, 1996 2-8 бет.
- 6. Большой толковый социологический словарь: В 2-х т. – Москва, 1999.
- 7. Социология наука об обществе // Под ред. Андрущенко В.П., Горлача Н.И. - Харьков, 1996. - 688 с.
- 8. Харчева В. Основы социологии. - М., 1999. - 302 с.



○ Назарларыңызға  
рахмет!!!

